

Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктерді жекешелендіру туралы

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 120 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 маусымда № 3533 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына және "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы қаулысына сәйкес Индер ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктер осы қаулының қосымшасына сәйкес жекешелендірілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Е.Нұрлыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Арыстан

Аудан әкімдігінің 2016 жылғы "23" мамырдағы
№ 120 қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын аудандық коммуналдық меншіктегі мүліктердің тізбесі

№	Мүлік атауы	Шығарылған жылы	Тенгерім ұстаушысы
1	YUTONG 952 A погрузчик-фронтальный, тіркеу нөмері AFD792E	2006	"Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі
2	Автокөлік Уаз 2206, тіркеу нөмері E784AX	2000	"Индер аудандық білім бөлімінің Б.Нысанбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
3	Автокөлік Уаз 2206, тіркеу нөмері E488AW	2000	"Индер аудандық білім бөлімінің М.Сиранов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
4	Автокөлік Ваз 21214, тіркеу нөмері 348AB06	2007	"Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК